КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қысқаша)

2024 жылғы 13 қыркүйек № 5501-24-00-2/2562 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.О.Алишева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Алишев Тасболат Коразович «Алишев» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер Алишев Тасболат Коразович «Алишев» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алушыны жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Алишев Тасболат Коразович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Алишев Тасболат Коразович жеке кәсіпкерінен "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

құқығындағы "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбын 24 032,18 (жиырма төрт мың отыз екі) теңге (он сегіз) тиын көлемінде және мемлекеттік бажды 720, 97 (жеті жүз жиырма) теңге (тоқсан жеті) тиын, барлығы 24 753,15 (жиырма төрт мың жеті жүз елу үш) теңге (он бес) тиын өндірілсін.

Алишев Тасболат Коразович жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне мемлекеттік бажды 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ж.О.Алишева**

Құжатқа қол қойылған: Алишева Ж. О., 13.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Алишева Ж. О., 29.10.2024

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» «КІШІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ» Сот өндірісі Судопроизводство